

Rivero & Diaconescu 2007: Maria Luisa Rivero & Rodica Diaconescu, *A diachronic view of Psychological verbs with Dative Experiencers in Spanish and Romanian*. Available from World Wide Web: <http://aix1.uottawa.ca/~romlab/pubs/RiveroDiaconescu.2007.pdf>

Rivero & Milojevic Sheppard 2001: Maria Luisa Rivero & Milena Milojevic Sheppard, *On impersonal se / sie in Slavic*. G. Zybатов, U. Junghanns, G. Mehlhorn & L. Szucsich (eds.) *Current Issues in Formal Slavic Linguistics*. Peter Lang. p. 137-147.

Rivero & Milojevic Sheppard 2003: Maria Luisa Rivero & Milena Milojevic Sheppard *Indefinite reflexive clitics in Slavic: Polish and Slovenian in Natural Language and Linguistic Theory*, 21, p. 89-155.

Rivero 2000: Maria Luisa Rivero, *On impersonal sie in Polish: a simplex expression anaphor* in *Journal of Slavic Linguistics*, 8 (1-2), p.199-237.

Rivero 2002: Maria Luisa Rivero, *On impersonal reflexives in Romance and Slavic and semantic variation* [Online]. Available from World Wide Web: <<http://aix1.uottawa.ca/~romlab/2PDF-JSL.pdf>>

Rivero 2003: Maria Luisa Rivero, *Reflexive clitic constructions with datives: syntax and semantics* [Online]. Available from World Wide Web: <<http://aix1.uottawa.ca/~romlab/4PDF-FASL11.pdf>> .

Rivero 2004: Maria Luisa Rivero, *Datives and the non-active voice / Reflexive clitic in Balkan languages* [Online]. Available from World Wide Web: <http://aix1.uottawa.ca/~romlab/Balkan.pdf>

Siewierska, A. (1984) *The passive: a comparative linguistic analysis*. London: Croom Helm.

Siewierska, A. (1988) The passive in Slavic. In: M. Shibatani (ed.) *Passive and voice*. Typological Studies in Language (TLS), 16. Amsterdam: Benjamins. pp. 243-289.

Stan 1986: Camelia Stan, *Asupra structurii de adâncime a unor sintagme cu verbe reflexive*, Bucharest, „Studii și cercetări lingvistice”, XXXVII, 6, p. 487-493.

Stan 1988: Camelia Stan, *O specie a atributului în dativ din construcțiile nominalizate* în „Studii și cercetări lingvistice”, Bucharest, XLIX, p. 1-2.

Stan 1990: Camelia Stan, *Categoriile vide în teoria gramaticală „a guvernării și a legării”* în „Analele Universității din București. Limbă și literatură română”, XXXIX, p. 49-53.

Stati 1972: Sorin Stati, *Elemente de analiză sintactică*, Bucharest, Editura Didactică și Pedagogică.

Schwartz, L. (1988) Thematic relations and case linking in Russian. In: W. Wilkins

(ed.) *Thematic relations*. Syntax and Semantics, 21. Academic Press. pp. 167-189.

Šarić 2002: Ljiljana Šarić, *On the semantics of the “dative of possession” in the Slavic languages: an analysis on the basis of Russian, Polish, Croatian/Serbian and Slovenian examples*. in *The Slavic and East European Language Resource Center Glossos* [Online] 3. Available from World Wide Web: <<http://seelrc.org/glossos>>

Șerbănescu 2000: Andra Șerbănescu, *Dative possessive revisited* in Liliane Tasmowski, (coord.) *The Expression of Possession in Romance and Germanic Languages*, Cluj, Clusium, p. 133-148.

Tomšič 1939: France Tomšič, *Refleksivni glagoli v slovenščini* in *Slovenski jezik*, Ljubljana p. 155-169.

Toporišič 1965: Jože Toporišič, *O slovenskih glagolskih nacinih* in *Jezikovni pogovori*, Ljubljana, p. 100-105.

Toporišič 1974: Jože Toporišič, *Slovenski knjižni jezik 3*. Maribor, Založba Obzorja.

Toporišič 1982: Jože Toporišič, *Nova slovenska skladnja*, Ljubljana, Državna založba Slovenije.

Toporišič 1991: Jože Toporišič, *Slovenska slovnica*, Maribor, Založba Obzorja.

Toporišič 2000: Jože Toporišič, *Slovenska slovnica*, Maribor, Obzorja.

Vasiliu 1969: Laura Vasiliu, *Some Grammatical Remarks on the Reflexive Constructions*, Bucharest, „Revue roumaine de linguistique”, XIV, 4, p. 365-373.

Zafiu 1996: Rodica Zafiu, *Sur quelques particularités syntaxiques et sémantiques du verbe en roumain*, Maria Iliescu, Simona Sora, Rumänisch: Typologie, Klassifikation, Sprachcharakteristik, München, Würzburg, Wissenschaftlicher Verlag A. Lehmann Balkan Archiv, Neue Folge, 11, p. 203-210.

Zafiu 2002: Rodica Zafiu, „*Pleonasmul legiuit*” (*dublarea complementului direct și a celui indirect*), in „*România literară*”, Bucharest, 49, p. 14.

Zwicky 1977: Arnold M. Zwicky, *On clitics*, Bloomington, Indiana University Linguistics Club.

Zwicky & Pullum 1983: A.M. Zwicky & G.K. Pullum, *Cliticization vs. inflection: English n't in „Language”*, 59, p. 502-513.

## КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЭКСПЕРИМЕНТІ ЖАҒДАЙЫНДА ХИМИЯЛЫҚ ПӨНДЕРДІ ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ

Сугралина Л.М., х.ғ.к., доцент; Кенжетаева С.О., х.ғ.к., доцент;

Омашева А.В., х.ғ.к.; Салькеева Л.К., х.ғ.д., профессор

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Мақала эксперимент жағдайында химия факультетінің студенттерін көптілді оқытуының тәжірибелік іске асу сұрақтарын қарастыруға арналған. Өңделген оқыту траекториясы – базалық шет тілі, кәсіби бағытталған шет тілі, химиялық пішіндегі пәндерді шет тілінде меңгеру қарастырылған. Кәсіби бағытталған шет тілін

оқытуда және химиялық пәндерді шет тілінде оқыту барысында факультет оқытушылары мультимедиалық оқыту технологияларын кеңінен қолданатыны көрсетілген.

*Кілттік сөздер:* көптілді білім беру, коммуникативті бағытталған оқыту, кәсіби бағытталған шет тілі, мультимедиалық технологиялар, глоссарий.

Көптілді білім беру шеңберінде химия факультетінің студенттеріне химиялық пішіндегі пәндерді ағылшын тілінде оқыту, лингва-коммуникативті құзіреттілігіне және пәндердің кәсіби бағытталуына байланысты, өздеріне тән ерекшеліктерге ие. Табысты оқыту үшін студенттер базалық және кәсіби бағытталған шет тілін меңгеруі қажет, кәсіби деңгейде ағылшын тіліндегі сөйлеу қызметінің барлық түрлеріне тән дағдыларын игеруі қажет. Ұсынылған химиялық пәндерді ағылшын тілінде оқыту әдістемесі басқа да жаратылыстану мамандықтарына қолданылуы мүмкін.

Заманауи әлемнің, бәсекелестікке қабілетті экономика, әрекетті мемлекеттік және демократиялық қоғам құруға тырысатын, көптеген мемлекеттерінде бүгінгі таңда білім беру мәселелері ерекше басымды болып барады. Біріне бірі тәуелді әлем жағдайларында оның бәсекелестікке қабілетін қамтамасыз ететін мамандарды даярлау сапасына ерекше көңіл аударған дұрыс болады.

Бұл маманнан іргелі білімдерді талап етуімен қатар, үнемі кәсіби өсуіне дайын болуын, абсолютті икемділігін және орамдылығын, яғни жоғары оқу орны беретін білім академизмінен оның тәжірибелік бағытталуына көшу қажеттілігін көрсетеді. Герберт Спенсердің «білім берудің ең маңызды мақсаты – ол білім алу емес, ол білімдерді қолдана білу және әрекеттер жасау» деген сөздері бүгінде ерекше өзектілікке ие болды. Шыныменде, республика жасампаз ойлай білетін, жаңа технологияларды игерген, қомақты жобаларды бастамашылық етіп, халықаралық деңгейде іске асыра алатын ұрпақты мұқтаж етеді. Осыдан – мамандықты ғана жетік игеруімен қатар кәсіби деңгейде шет тілдерін меңгеруі қажеттігі анықталады.

Көптілді білім беруде оқыту принциптерінің жүйесі: қазақ тілі – орыс тілі – ағылшын тілі; тілдерді оқыту қатарлас жүреді, тілдер қиылыспайды, тіреуі болып ана тілі табылады; шет тілін оқыту – ол сөздік ойлауға үйрету, ойларын әртүрлі жаңа құралдар көмегімен және оқытылатын тілдің дүниесімен білдіру; жеке бастың көптілді сана сезімін дамыту; тіл дамуының алгоритмін дамыту; ойлау, ауызша – жазбаша; коммуникация.

Отандық білім берудің көптілділік талаптарына сәйкес үштілділік (мемлекеттік, ағылшын, орысша) іс жүзінде Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті қызметінің барлық бағыттары арқылы іске асырылады: оқу жоспарына Мемлекеттік стандартқа қосымша таңдаулы компоненттерін енгізу («Кәсіби бағытталған ағылшын тілі», «Кәсіби мемлекеттік тіл» ж. б.); оқу үрдісінің әдістемелік материалдармен үш тілде қамтамасыз етілуі; ғылыми зерттеулер, дипломдық жұмыстар және ғылыми жарияланымдар үш тілде орындалуы, ағылшын тіліндегі басылымдар санының көбеюі және т.б.

Осы жұмыста біз Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың химия факультетінде көптілді эксперимент шеңберінде іске асырылатын оқу процессінің ерекшеліктеріне тоқтап кеткіміз келеді. Университетте 2008 жылы, мемлекет саясатының басымды бағыттарының бірі болып табылатын, көптілді білім беруді енгізу экспериментті бағдарламасының жүзеге асырылуы басталды. Осы экспериментке «Химия» оқу бағдарламасы студенттердің академиялық икемділігін арттыруға, олардың жоғары оқу орнынан кейін шет елдерінің жоғары оқу орындарында білімдерін жалғастыруға, Қазақстан республикасының дүниежүзілік қауымдастыққа ықпалдауы жағдайларында түлектердің бәсекелестікке қабілеттіліктерін арттыруға жағдайлар туғызу үшін енгізілген. Осыған байланысты қабылданған эксперимент бағдарламасы кәсіби қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік игерген, көптілді мамандарды даярлауды болжайды. Эксперимент 3-4 курстарда жеке пәндерді ағылшын тілінде оқытуды қарастырады. Үш тілде оқыған, «Химия» мамандығы бакалаврлары алғаш рет 2011-2012 оқу жылында бітіріп шықты. Қазіргі кезде көптілді білім беру шеңберінде мамандарды даярлау төрт мамандықтардың студенттеріне іске асырылады: 5В011200 – Химия, 5В074800 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы, 5В072100 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы, 5В072000 – Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы. Осы оқыту технологиясы шеңберінде әртүрлі мамандықтар бойынша бакалаврлардың бірнеше бітірулері орындалды.

Студенттер үшін оқу процессі келесідей ұйымдастырылған: алғашқы екі курстарда олар қазақ тілін (орыс бөлімшесінде оқитын студенттер үшін), орыс тілін (қазақ бөлімінде оқитын студенттер үшін) және базалық ағылшын тілін (екі бөлімнің студенттері де) тереңдетіп оқиды. Үшінші курста

болашақ бакалаврлар кәсіби бағытталған ағылшын тілін оқиды және сонымен студенттер сол аталған тілдерде химиялық пішіндегі пәндерді оқуға дайын болады.

Шет тілін тәжірибелік менгерудің коммуникативтік мақсаттары мен міндеттері негізгі және тұжырымдамалық болып табылады. Бакалавриат студенттері, өздерінің сөйлеу дағдылары мен іскерліктерін арттыру, коммуникациялардың ғылыми салаларымен байланысты, жаңаларын қалыптастыру барысында өздерінің ана тілдеріне қатысты тілдесудің қосымша құралын менгереді, сонында терең және жаратылыстану кәсіби білім алады. Сонымен, базалық және кәсіби бағытталған шет тілін оқу барысында химик-студенттерде коммуникативті құзіреттілік, яғни лингвистикалық құралдардың көмегімен нақтылы коммуникативті міндеттерді оқу және ғылым салаларының нақтылы сөйлеу жағдайларында шешу қабілеттері қалыптасады.

Заманауи коммуникативті бағытталған оқыту оқытындарды нақтылы кәсіби қызметтерінде шет тілін пайдалануға дайындайды. Мультимедиалық интерактивті технологияларды шет тілдерін коммуникативті оқытуда практикалық сабақтардың материалдарын беру сапасын және сол материалдарды студенттердің тиімді игеруін біршама арттырады. Тәжірибе көрсеткендей, заманауи технологияларды, мультимедиалық жабдықтарды қолдану және ендіру білім беру процессінің мазмұнын байытады, студенттер жағынан ағылшын тілін оқуға уәждемелерін арттырады және оқытушылар мен студенттер арасында тығыз ынтымақтастық байқалады. Мультимедиалық технологиялар оқытуда аудиовизуалды және интерактивті құралдарды қолдануды қарастырады:

- бағдарламалық құралдар (мультимедиалық дискілер, презентациялар, видео -, аудио-роликтер, Галамтор желісінің ресурстары);

- жабдықтар (ЖК, аудио-, видео- жабдықтар, мультимедиалық проектор, интерактивті тақта).

Оқытушылар өздерінің дайындаған өңдеулерін, мысалы, PowerPoint-тағы презентацияларын қолданады. Бұл бағдарлама студенттердің өнерпаздық жобалық жұмыстарын орындауда және оларын сабақта презентациялауға қолайлы. Жобалық жұмыстардың басымдылықтары бұрыннан белгілі және әртүрлі пәндерді оқыту әдістемелерінде, соның ішінде ағылшын тілін оқытуда қолданылады. Оқытындар өнерпаздық зерттеу үрдістеріне сүйсініп кіріседі, жобалар – жұмыстың жеке бастың бағытталуына арналған жұмыс түріне жатады. Жобаларды дайындауда олар өздеріне қызықты тақырыптарды зерттейді, басқа адамдармен сөйлеседі, анықтамалықтарды қопарады, фотолар мен суреттерді іздейді, тіпті өздері дербес аудио- және видеобасылымдар жасайды. Соларды басқаларға көрсетіп немесе олар туралы айтып, өздері туралы және қоршаған адамдарға айтқанда олар ағылшын тілінде тілдеседі, сонсымен студенттер өздері үшін ағылшын тілінің бағалылығын және халықаралық тілдесу тілі екенін анықтайды. Жобаларды орындау және презентациялау тілді әртүрлі деңгейде менгерген студенттерге белгілі тақырып бойынша ауызша сұхбаттасуға немесе сөз сөйлеуге мүмкіндік береді. Ол оқытындарда таным белсенділігін, қиялдау, өзін ұстай білушілік, ортақ қызмет дағдыларын дамыту сияқты қабілеттерін арттырады.

Химия факультетінде кәсіби пәндерді оқыту өз ерекшеліктеріне ие, себебі дәрістер мен семинар сабақтарынан басқа химиялық лабораторияларда қауіпсіздік техникасын сақтау ережелерін ұстанып, лабораториялық жұмыстарды орындау қарастырылған. Басқа сөздермен айтқанда, студенттер де, оқытушылар да сөйлеу қызметінің барлық түрлерін (ауызша сөйлеу, жазу, аудирлеу, оқу, аудару) кәсіби деңгейде дамытады.

Ағылшын тілінде оқылатын дәрістерде, студент есту арқылы қабылдайды, құрамында арнайы терминдері көп мәтінді түсінеді және жаза алады. Шет тіліндегі ғылыми сөздерді және сөйлеуді жақсы түсіну үшін біз глоссарий құрастыруды ұсынамыз.

Глоссарий, немесе терминдер сөздігі оқытын пәннің оқу-әдістемелік материалдарының міндетті құрамды бөлігі болып табылады. Әрбір пәнде мазмұны түсініксіз және оны түсінуді талап ететін арнайы терминдер қолданылады. Студент курстың материалын сапалы оқуы үшін ол терминдерді дұрыс және нақтылы түсінуі және қолдануы қажет, оқытын пәнге қатысты түсініктер туралы қысқаша мәліметтерді білуі қажет. Қосымша құрал ретінде мұндай жағдайларда терминдер мен есімнамалардың түсіндірме сөздігін – глоссарийді құрастыруы қажет. Бұл сөздікте осы пәнге нақты қатысы бар, курста кездесетін барлық терминдердің анықтамалары болуы қажет. Терминдер тақырыптармен байланысты немесе/және алфавит ретімен орналасуы керек. Глоссарий арнайы терминологияда кездесетін дәлсіздіктерді минимумға жеткізеді. Глоссарийді құрастыру студентке және оқытушыға тар шеңберде қолданылатын терминдермен жұмыс жасауға және оларды дұрыс пайдалануға көмектеседі. Қолданылу саласын дұрыс анықтау үшін және белгілі терминнің нақтылы дәл мазмұнын анықтау үшін глоссарийге белгілі терминді енгізу қажет.

Глоссарийлерді құрастыруды студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастырудың дәстүрлі емес формаларының бірі деп қарастыруға болады.

Глоссарийлерден басқа студенттерге арнайы мамандандырылған және жалпы техникалық сөздіктерді қолдану, жазбаша және ауызша ғылыми-техникалық аударудың негізгі дағдыларын меңгеру қажет. Аудару процесі – ол белсенді, нақтылы бағытталған процесс, ол мәтінді бір тілде есту қабылдауы және көру қабылдауы арқылы түсінуге, түсініп және соңынан байыпты талдауға және ана тілінде қайта жаңғыртуға мақсатталған болуы қажет.

Түпнұсқа мәтінін алғаш оқығанда студенттер оның жалпы мазмұнымен, егжей-тегжейлігіне енбей танысады. Мәтіннің жалпы мазмұнымен алғашқы танысу процесінде кейбір аналитикалық жұмыс болуы мүмкін.

Мәтінмен жұмыс жасаудың келесі кезеңі болып аналитикалық талдау табылады, яғни грамматикалық формаларын, күрделі конструкцияларын, лексикалық айналымдарын анықтау, жеке сөздер мен терминдерді түсіну. Осы мақсатпен мәтін қайталап, баяу оқылады.

Ерекше назарды сөздердің мәнмәтінін есепке алып, дұрыс мағынасын іздестіруге; сөздің сыртқы сипаттарына; морфологиялық және синтаксистік талдауын жүргізуге; сөздікпен жұмыс істеуге (таныс емес және түсініксіз терминдерді жалпы және политехникалық сөздіктерден іздестіру) аударған жөн. Мүмкін, кейбір жағдайларда арнайы әдебиет пен анықтағыштарды қолданған қажет болады.

Мамандық бойынша мәтіндерді аударғанда жөн болады:

- сөйлемдегі бастауыш және баяндауыш топтарының орнын анықтау;
- анықтағыш орнын анықтау;
- сөйлемнің талдауын сөйлемдегі баяндауыштан бастау (оның қосымша немесе модальды етістіктері бойынша, грамматикалық жалғауы бойынша, тік қосымшаларының болуына байланысты ж.т.с.);
- лексикалық реттілік қиындықтарын анықтау (етістіктердің басқарылуы, морфологиялық сипаттардың болмауы, сөздердің көп мөлшерінің болуы).

Сөздердің өзара байланысын және сөйлемнің мазмұнын анықтаған соң сөзбе-сөз аударманы бастауға болады, ол мәтіннің мазмұнын көрсетеді, бірақ жиірек ана тілінің нормасына сәйкес келмейді. Соңынан материалдың белгілі әдебиеттік өңделуін жүргізу қажет, бірақ ол міндетті емес, кейде, жаратылыстану ғылымдарының және техникалық аударманың ерекшеліктерін есепке алып, адекваттық аударма орындау жеткілікті.

Ауызша аударудың негізгі әдістемелік міндеті әдеттегі сабақтар кезінде ағылшын лексикалық және грамматикалық эквиваленттерін жылдам және дұрыс таңдау, сөйлеу автоматизмін қалыптастыру механизмдерін дамыту болып табылады. Сөйлемдерді ауызша аударуды жеке сөздерді, сөздер тіркестерін және грамматикалық конструкцияларды аудару қиындығы деңгейін алдын ала жою сатысынан бастау дұрыс болады. Соңынан, оқытушы фразаларды оқыған соң, фразаларды біртіндеп аударуға кірісуге болады.

Лабораториялық жұмыстарды орындауға дайындалғанда, жұмыс жасауға рұқсат алуда, жұмыстарды қорғауда тілдесудің бағытталған құралдарын қолдану қажет, себебі олар студенттерге жалпы және арнайы сөздіктің қажетті көлемін меңгеруге көмек көрсетеді. Сондай сөздерді және сөздер тіркестігін белсенді меңгеру коммуникативті мақсаттарды ауызша түрде де, жазбаша түрде де табысты жүзеге асыруға мүмкіндіктер береді.

Ағылшын тілінде химиялық пішіндегі пәндерді табысты игеру тиімділігін арттыру үшін студенттердің жазбаша сөйлеу практикасын дамыту қажет. Жазбаша жұмыстар студенттердің оқытушының жетекшілігімен ұйымдастырылатын өзіндік жұмыстары шеңберінде орындалатын тапсырмалар ретінде орындалуы мүмкін, соңынан студенттердің өзіндік жұмыстары шеңберінде, сонымен қатар баяндамаларды және ғылыми хабарлауларды дайындау барысында. Осы қызметтер түрінің мақсаты болып ағылшын тілінде жазбаша ғылыми сөйлеу дағдылары мен іскерліктерін дамыту табылады.

Сонымен, белгілі траектория бойынша құрылған, ағылшын тілінде химиялық пәндерді оқыту әдістемесі студенттерге мамандықтары бойынша негізгі материалды табысты меңгеруге, кәсіби ауызша сөйлеу тілінің деңгейін арттыруға және химиялық мәтіндерді ағылшын тілінде сауатты мазмұндауға (баяндауға) мүмкіндік береді.

Заманауи қоғамда қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгеру адамзаттың жеке басының және кәсіби қызметінің ажыратылмайтын компоненті болып табылады. Осының барлығы жалпы айтқанда, бірнеше тілдерді тәжірибелі және кәсіби меңгерген және соған байланысты қоғамда, әлеуметтік жағынан да, кәсіби жағынан да беделді жағдайға ие болуға нақтылы мүмкіндіктері бар көп мөлшерде азаматтар қажеттілігін туғызады.